

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РММ Түркістан облысы бойынша филиалы



ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

Маусым 2026 жыл

Шымкент, 2026 жыл

	Мазмұны	беті
	Алғы сөз	3
1	Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері	4
2	Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	4
3	Атмосфералық жауын-шашын сапасының жай-күйі	8
4	Жер үсті сулар сапасының мониторингі	9
5	Радиациялық жағдай	10
	Қосымша 1	11
	Қосымша 2	13
	Қосымша 3	15
	Қосымша 4	16
	Қосымша 5	17
	Қосымша 6	18

Алғы сөз

Ақпараттық бюллетень «Қазгидромет» РМК мамандандырылған бөлімшелері Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісіндегі қоршаған ортаның жай-күйін бақылау бойынша жүргізген жұмыс нәтижелері бойынша дайындалды.

Бюллетень мемлекеттік органдарды, қоғамды және халықты Шымкент қаласы және Түркістан облысының аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, қоғамдастықтарды және тұрғындарды ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінің болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

1.Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері.

Шымкент қаласы бойынша статистикалық мәліметтерге сәйкес ластаушы заттар шығарындыларының стационарлық көздері 2025 жылы нақты шығарындылардың көлемі жылына 40,05 тоннаны құрады.

Түркістан облысы бойынша ластаушы заттар шығындаларының стационарлық көдерінің саны 8516 бірлікті құрайды, 2025 жылы нақты шығарындылар көлемі жылына 80 мың тоннаны құрады.

2024 жылғы жағдай бойынша Шымкент қаласында ластаушы заттар шығындаларының стационарлық көдерінің саны 3984 бірлікті құрайды, нақты шығарындылар көлемі жылына 28,3 тоннаны құрады.

Шымкент қаласы бойынша автомобиль көліктерден шыққан зиянды ластаушы заттардың шығарындыларының жалпы саны 2024 жылдық есеп бойынша 35730 тоннаны құрады.

Шымкент қаласы бойынша автомобиль көлігінен зиянды ластаушы заттар шығарындыларының көлемі 2025 жылы 33000 тоннаны, Түркістан облысы бойынша 18500-20000 тоннаны құрады.

Зиянды шығындылардың негізгі мөлшері жеңіл автокөліктердің үлесіне келеді, жалпы санының 32,7% құрады. Жүк көліктерінен 10,6% және автобустардан 8,3% бөлінеді.

1. Атмосфералық ауасының сапасын бағалау.

Шымкент қ. атмосфералық ауа сапасының жағдайы

Аумақтағы атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 7 бақылау бекетінде, оның ішінде қолмен сынама алатын 4 бекетте және 3 автоматты станцияда жүргізіледі. Жылжымалы лабораториямен 5 нүктеде жүргізіледі (қосымша 1).

Жалпы қала үшін 14-ке дейін көрсеткіштер анықталады: 1) қалқыма заттар(шаң); 2)күкірт диоксиді; 3)көміртегі оксиді; 4)азот диоксиді; 5)азот оксиді; 6)формальдегид; 7)озон; 8)күкіртті сутек; 9)аммиак; 10) бенз(a)пирен; 11)кадмий, 12) мыс; 13)қорғасын; 14) хром.

Шымкент қаласы бойынша 2026 жылдың маусым айындағы ауа сапасын бақылау нәтижелері

Шымкент қаласында атмосфералық ауаның ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, ол $EЖҚ = 7\%$ (көтеріңкі деңгей) және $СИ = 1,9$ (төмен деңгей).

Қызылсай елді мекенінде атмосфералық ауаның ластану деңгейі *көтеріңкі* болып бағаланды, ол $EЖҚ = 11\%$ (көтеріңкі деңгей) және $СИ = 1,8$ (төмен деңгей).

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа стандарттарынан асу жиілігі және асып кету жағдайларының саны 1–кестеде көрсетілген.

1-кесте

Атмосфералық ауаның ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең үлкен бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	Асу еселігінің саны ШЖШ		
	мг/м³	ШЖШ _о т. Асу еселігі	мг/м³	ШЖШ _{м.р} Асу еселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ
		соның ішінде						
Шымкент қаласы								
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,2064	1,38	0,300	0,60	0,00	0	0	0
Күкірт диоксиді	0,0241	0,48	0,443	0,89	0,00	0	0	0
Көміртегі оксиді	2,5929	0,86	4,000	0,80	0,00	0	0	0
Азот диоксиді	0,0381	0,95	0,080	0,40	0,00	0	0	0
Азот оксиді	0,0171	0,29	0,040	0,10	0,00	0	0	0
Күкірттісутегі	0,0100		0,015	1,90	5,09	199	0	0
Аммиак	0,0254	0,63	0,040	0,20	0,00	0	0	0
Формальдегид	0,0146	1,46	0,022	0,44	0,00	0	0	0
Бенз(а)пирен	0,00013	0,1						
Кадмий	0,000013	0,043	0,000020					
Мыс	0,000012	0,006	0,000014					
Қорғасын	0,000020	0,066	0,000025					
Хром	0,000001	0,001	0,000002					
Қызылсай елді мекені								
Күкірт диоксиді	0,0184	0,37	0,3134	0,63	0,00	0	0	0
Көміртегі оксиді	0,4469	0,15	4,7640	0,95	0,00	0	0	0
Азот диоксиді	0,1388	3,47	0,3554	1,78	10,83	234	0	0
Озон	0,0236	0,79	0,2902	1,81	1,67	36	0	0

2025 жылмен салыстырғанда 2026 жылдың маусым айында Шымкент қаласы бойынша ауаның ластану деңгейі (2-кесте);

• өзгеріссіз —


2-кесте

Шымкент қаласындағы ауаның ластану динамикасы (2025–2026)

Елді мекен	Ластану деңгейі		Негізгі ластаушы заттардың ШЖШ _{м.р.} асып кету көрсеткіші
	маусым 2025ж	маусым 2026 ж	
Шымкент қ.	көтеріңкі СИ – 1,9 ЕЖҚ – 8%	көтеріңкі СИ – 1,9 ЕЖҚ – 7%	күкірттісутегі (1,9)
Қызылсай е/м.	көтеріңкі СИ – 2,6 ЕЖҚ – 19%	көтеріңкі СИ – 1,8 ЕЖҚ – 11%	озон (1,8)

Қорытынды:

Соңғы бес жылда ауаның ластану деңгейі Шымкент қаласында келесідей өзгерді:



Шымкент қаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі кестеден көріп отырғанымыздай, 2023ж жоғары деп, 2022ж және 2024-2026жж көтеріңкі деп бағаланды.

Ең жоғары қайталану көрсеткішінің артуы күкірттісутегінің есебінен байқалды.

Маусым айында ауа ластануының қалыптасуына ауа-райының әсері байқалмады, ҚМЖ күндер (қолайсыз метеорологиялық жағдайлар) тіркелген жоқ.

Түркістан облысы бойынша атмосфералық ауа сапасының мониторингі

Түркістан облысы бойынша атмосфера ауасының жағдайын бақылау 5 автоматтық бекетте жүргізілді (қосымша 2).

Жалпы облыс бойынша 6 көрсеткіш анықталады: 1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) азот оксиді; 5) күкірттісутегі; 6) озон.

Түркістан облысында жүргізілген атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері

Түркістан қаласында атмосфералық ауаның ластану деңгейі *жоғары* деп бағаланды, ол ЕЖҚ =25% (жоғары деңгей) және СИ=2,9 (көтеріңкі деңгей).

Кентау қаласында атмосфералық ауаның ластану деңгейі *төмен* деп бағаланды, ол СИ =1,4 (төмен деңгей) және НП =0,5% (төмен деңгей).

Састөбе ауылының атмосфералық ауаның ластану деңгейі *көтеріңкі* деп бағаланды, ол СИ= 1,4 (төменгі деңгей) және ЕЖҚ = 2 % (көтеріңкі деңгей).

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа стандарттарынан асу жиілігі және асып кету жағдайларының саны 3–кестеде көрсетілген.

Атмосфералық ауаның ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең үлкен бір реттік шоғыр		ЕУҚ	Асу еселігінің саны ШЖШ _{м.р.}		
	мг/м ³	ШЖШ _{о.т.} Асу еселігі	мг/м ³	ШЖШ _{м.р.} Асу еселігі	%	>ШЖШ	>5	>10
							ШЖШ	ШЖШ
соның ішінде								
Түркістан қаласы								
Азот диоксиді	0,041	1,01	0,314	1,57	4,94	231	0	0
Күкірт диоксиді	0,342	6,84	1,425	2,85	25,39	329	0	0
Азот оксиді	0,002	0,03	0,004	0,01	0,00	0	0	0
Көміртегі оксиді	0,551	0,18	6,561	1,31	0,14	8	0	0
Озон	0,041	1,38	0,219	1,37	0,23	13	0	0
Кентау қаласы								
Күкірт диоксиді	0,0045	0,09	0,0142	0,03	0	0	0	0
Көміртегі оксиді	0,1599	0,05	1,9593	0,39	0	0	0	0
Күкірттісутегі	0,00221		0,011	1,38	0,51	11	0	0
Састөбе ауылы								
Азот диоксиді	0,0011	0,02	0,0703	0,14	0,00	0	0	0
Күкірт диоксиді	0,6104	0,20	1,4166	0,28	0,00	0	0	0
Көміртегі оксиді	0,0658	1,65	0,2828	1,41	2,41	52	0	0
Озон	0,0625	2,08	0,2240	1,40	1,20	26	0	0

Түркістан облысы бойынша экстремалды жоғары (ЭЖЛ) және жоғары ластану жағдайлары (ЖЛ) тіркелген жоқ.

2025 жылмен салыстырғанда 2026 жылдың маусым айында Түркістан облысы бойынша ауаның ластану деңгейі (4-кесте).;


- өзгеріссіз — Түркістан қаласы мен Кентау қаласы
- өзгерген — Састөбе ауылы

Түркістан қаласындағы ауаның ластану динамикасы (2025–2026)

Елді мекен	Ластану деңгейі		Негізгі ластаушы заттардың ШЖШ _{м.р.} асып кету көрсеткіші
	маусым 2025ж	маусым 2026 ж	
Түркістан қ.	жоғары СИ – 3,9 ЕЖҚ – 47%	жоғары СИ – 2,9 ЕЖҚ – 25%	азот диоксиді (1,57), күкірт диоксиді (2,85), көміртегі оксиді (1,31), озон (1,37)
Кентау қ.	төмен СИ – 0,9 ЕЖҚ – 0%	төмен СИ – 1,4 ЕЖҚ – 0,5%	күкірттісутегі (1,38)
Састөбе а.	төмен СИ – 0,6 ЕЖҚ – 0%	көтеріңкі СИ – 1,4 ЕЖҚ – 2%	азот диоксиді (1,41), озон (1,40)

Қорытынды:

Соңғы бес жылда ауаның ластану деңгейі Түркістан қаласында келесідей өзгерді:




Кестеден көріп отырғанымыздай, Түркістан қаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі 2022ж көтеріңкі деп, 2023-2026жж жоғары деп бағаланды.

Ең жоғары қайталану көрсеткішінің артуы негізі азот диоксидінің есебінен байқалды.

Маусым айында ауа ластануының қалыптасуына ауа-райының әсері байқалмады, ҚМЖ күндер (қолайсыз метеорологиялық жағдайлар) тіркелген жоқ.

Соңғы бес жылда ауаның ластану деңгейі Кентау қаласында келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, Кентау қаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі 2024ж көтеріңкі деп, 2022-2023ж және 2025-2026жж төмен деп бағаланды.

3. Атмосфералық жауын-шашын сапасының жай-күйі

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау 2 метеостанцияларда (Қазығұрт, Шымкент) алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Жауын-шашын сынамаларында гидрокарбонаттар 41,94%, сульфат иондары 35,75%, кальций иондары 3,25%, хлоридтер 13,13% , магний иондары 2,63 %, аммоний иондары 1,56% болды.

Жауын-шашынның нақты мәндері 5–кестеде көрсетілген.

5-кесте

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Көрсеткіш	Метеостанция - ең аз концентрациясы	Метеостанция - ең көп концентрациясы
Жалпы минералдығы	Шымкент МС – 34,22 мг/дм ³	Қазығұрт МС – 45,78 мг/дм ³
рН (қышқылдығы)	Шымкент МС – 7,10	Қазығұрт МС – 7,35
Аниондар, мг/л		
Сульфат (SO ₄)	Шымкент МС – 10,4	Қазығұрт МС – 18,2
Хлорид (Cl)	Шымкент МС – 3,5	Қазығұрт МС – 7,0
Гидрокарбонат (HCO ₃)	Шымкент МС – 15,25	Қазығұрт МС – 18,3
Катиондар, мг/л		
Аммоний (NH ₄)	Қазығұрт МС – 0,23	Шымкент МС – 1,02
Магний (Mg)	Шымкент МС – 0,85	Қазығұрт МС – 1,25
Кальций (Ca)	Шымкент МС – 1,80	Қазығұрт МС – 3,20

4. Түркістан облысы және Шымкент қаласы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторингі

Жер үсті су сапасының жай-күйіне мониторинг 7 су объектілерінде, өзендер: Сырдария, Келес, Бадам, Арыс, Ақсу, Катта-бугун, Шардара су қоймасы 12 тұстамасында жүргізілді.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **40** физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *көзбен шолып бақылау, су температурасы, ерітілген оттегі, сутегі көрсеткіші, өлшенген заттар, мөлдірлік, тұз құрамының басты иондары, биогенді (азот, фосфор, темір қосылыстары) және органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар (мыс, мырыш, қорғасын, кадмий, хром, никель, сынап), пестицидтер (ДДТ, ДДЕ, ДДТ, ГХЦГ альфа және гамма).*

Түркістан облысы және Шымкент қаласы аумағындағы жер үсті сулар гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша сапасының мониторинг нәтижелері.

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі» (ҚР СРИМ 04.06.2025 жылғы № 111-НҚ бұйрығы) (бұдан әрі – Бірыңғай сыныптау) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай сыныптау бойынша келесідей бағаланады:

6 кесте

Су объектісінің атауы	Су сапасының сыныбы		Параметрлер	Өлш. бірл.	Концентрация
	Маусым 2025 ж	Маусым 2026 ж			
Сырдария өз.	3 сынып (орташа ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	Аммоний-ионы	мг/дм ³	0,511
			Сульфаттар	мг/дм ³	188,907
Келес өз.	6 сынып (жоғары ластанған)	6 сынып (жоғары ластанған)	Қалқыма заттар	мг/дм ³	267,6
Бадам өз.	3 сынып (орташа ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	Сульфаттар	мг/дм ³	134,5
Арыс өз.	3 сынып (орташа ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	Сульфаттар	мг/дм ³	153,7
Ақсу өз	1 сынып (өте жақсы сапа)	1 сынып (өте жақсы сапа)	-		
Катта-бөген өз.	3 сынып (орташа ластанған)	1 сынып (өте жақсы сапа)	-		
Шардара су қоймасы	3 сынып (орташа ластанған)	3 сынып (орташа ластанған)	Сульфаттар	мг/дм ³	172,9

6-кестеден көріп отырғанымыздай 2025 жылғы маусым айымен салыстырғанда Катта-бөген өзені 3-сыныптан 1 сыныпқа өтті – жақсарды.

Сырдария, Келес, Бадам, Арыс, Ақсу өзендері және Шардара су қоймасының жер үсті суларының сапасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

Түркістан облысының су объектілеріндегі негізгі ластаушы заттар сульфаттар, магний, аммоний-ионы және қалқыма заттар болып табылады. Осы көрсеткіштер бойынша сапа нормативтерінің асып кетуі негізінен тұрмыстық, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық төгінділеріне тән.

2026 жылғы маусым айында Түркістан облысының аумағында жоғары және экстремалды жоғары ластану жағдайлары тіркелмеді.

6. Радиациялық жағдай

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне күнсайын жергілікті 2 метеорологиялық станцияда (Шымкент, Түркістан) бақылау жүргізілді.

Атмосфераның жерге жақын қабатында радиоактивтердің түсу тығыздығына бақылау Түркістан облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Шымкент, Түркістан) ауа сынамасын горизонтальді планшеттер алу жолымен жүзеге асырылды. Барлық станцияда бес тәуліктік сынама жүргізілді.

7 кесте

Көрсеткіштердің шекті мөлшері

Көрсеткіш (ШЖШ)	Ең үлкен концентрациясы	Ең кіші концентрация
Гамма-фон (0,57 мкЗв/ч)	0,24 мкЗв/ч	0,08 мкЗв/ч
Тығыздық (110 Бк/м ²)	2,1 Бк/м ²	1,5 Бк/м ²

Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,15 мкЗв/сағ, яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.


Облыс бойынша радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,75 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.

Қосымша 1

Шымкент қаласы мен Қызылсай елді-мекеніндегі бақылау бекеттерінің орналасқан жері және анықталатын қоспалары

№ бекет	Алу уақыты	Бақылау	Бекет мекен-жайлары	Анықталатын қоспалар
1	Тәулігіне 3 рет	Қолмен алу (дискретті әдістер)	Абай даңғылы, АО «Южполиметалл» АҚ	қалқыма заттар (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкіртті сутек, формальдегид, бенз(а)пирен Ауыр металлдар: кадмий, мыс, қорғасын, хром
2			Ордабасы алаңы, Қазыбек би мен Төле би көш. өтеді	қалқыма заттар (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкіртті сутек, формальдегид, бенз(а)пирен Ауыр металлдар: кадмий, мыс, қорғасын, хром
3			Алдияров көш. нөмірсіз, АҚ «Шымкентцемент»	қалқыма заттар (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкіртті сутек, формальдегид, бенз(а)пирен Ауыр металлдар: кадмий, мыс, қорғасын, хром
8			Сайрам көш, 198, ЗАО «Пивзавод»	қалқыма заттар (шаң), күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, аммиак, күкіртті сутек, формальдегид, бенз(а)пирен Ауыр металлдар: кадмий, мыс, қорғасын, хром

5	Әр 20 мин сайын	Үздіксіз режимде	Самал-3 шағын ауданы	күкірт диоксиді, күкірттісутек
6			Нұрсат шағын ауданы	Күкірт диоксиді, күкірттісутек
4	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Қызылсай елді-мекені, Омарташы, 1 көшесі.	Күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, озон.






Шымкент қ.және Қызылсай е/м. атмосфералық ауаның ластануын бақылаудың стационарлық желісінің орналасу схемасы

Қосымша 2


Түркістан қаласы мен Түркістан обл. нықтайтын қоспалар мен бақылау жүргізетін бекеттердің орналасқан жері

Бекеттің нөмірі	Сынама Алу мерзімі	Бақылау жүргізу	Бекеттің мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Алаша Байтақ жырау көшесі, Оралман ауданы	көміртегі оксиді, диоксид және азот оксиді, озон
2			Қала орталығында Б. Саттарханов даңғылы	көміртегі оксиді, азот диоксиді, озон
3			А. Сандыбай к.,	Күкірт диоксиді, көміртегі

			58В Бекзат ш.а.	оксиді, азот диоксиді, озон
7	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Кентау қ. Уалиханов көшесі, 3 «А» уч.	Көміртегі оксиді, күкірт диоксиді, күкірттісутегі
1	әр 20 минут сайын	Үзіліссіз режимде	Састөбе а. Ғ. Мұратбаев көш., 1А	көміртегі оксиді, азот диоксиді, күкіртсутегі, озон



Түркістан қ. және Түркістан обл. бойынша атмосфералық ауасының ластануын бақылаудың стационарлық желісінің орналасу схемасы.



Түркістан облысы тұстамалардың орналасу схемасы

Қосымша 3

Түркістан облысы және Шымкент қаласы жер үсті су сапасының тұстамалар бойынша ақпараты 2026 ж

Су объектілері және тұстамалары	Физика-химиялық параметрлердің сипаттамасы	
Сырдария өзені	судың температурасы 23,6-20,5°C, сутегі көрсеткіші-7,92-7,31, суда еріген оттегінің концентрациясы 11,9-8,4 мг/дм ³ , ОБТ ₅ мәні 2,0-1,0 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 25,0-19,0 см, кермектелігі – 7,0-4,1 мг/дм ³ .	
тұстама - Көкбұлақ а. (бекеттен ССБ қарай 10,5 км)	3 сынып	Аммоний-ионы-0,585мг/дм ³ , сульфаттар-192,12 мг/дм ³ . Аммоний-ионының нақты концентрациясы фондық сыныптан асады. Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды.
тұстама - Шардара т/б (Шардара б. кіре-берісінен 2,0 км төмен)	3 сынып	Сульфаттар-163,3 мг/дм ³ . Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды.
тұстама – Азаттық а. (Сырдария өзенінің көпірі - ауылдан 5 км)	3 сынып	Аммоний-ионы-0,562 мг/дм ³ , сульфаттар-211,3 мг/дм ³ .
Келес өзені	судың температурасы 19,0-17,2°C, сутегі көрсеткіші 7,87-7,43, суда еріген оттегінің концентрациясы 5,9-3,9 мг/дм ³ , ОБТ ₅ мәні 1,0-0,9 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 23,0-12,0 см, кермектелігі – 8,1-5,3 мг/дм ³	
тұстама – Қазыгурт а. (ауылдан 0,2 км жоғары, г/п 0,8 км)	3 сынып	сульфаттар – 134,5 мг/дм ³ . Сульфаттардың нақты концентрациясы

жоғары)		фондық сыныптан аспайды.
Келес-сағасы (сағасынан 1,2 км жоғары)	6 сынып	қалқыма заттар – 478,0 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
Бадам өзені	судың температурасы 19,6-19,2°C, сутегі көрсеткіші 8,16-7,84, суда еріген оттегінің концентрациясы 7,1-6,5 мг/дм ³ , ОБТ ₅ мәні 1,0-0,9 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 21,0-18,0 см, кермектелігі – 3,5-3,2 мг/дм ³ .	
тұстама - Шымкент гидро бекеті (Шымкентен 2,0 км төмен)	3 сынып	сульфаттар – 124,9 мг/дм ³ . Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды.
тұстама - Қараспан а. (жол көпірінен 0,1 км төмен)	3 сынып	сульфаттар – 144,1 мг/дм ³ . Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды.
Арыс өзені	судың температурасы 22,5°C, сутегі көрсеткіші 8,15, суда еріген оттегінің концентрациясы – 5,9 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 1,0 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 22,0 см, кермектелігі – 4,2 мг/дм ³ .	
тұстама – Арыс қ. (жд станция)	3 сынып	сульфаттар – 153,7 мг/дм ³ . Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды.
Ақсу өзені	судың температурасы 21,1-10,1°C, сутегі көрсеткіші 8,12-8,0, суда еріген оттегінің концентрациясы 6,2-4,5 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 1,3-0,7 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 25,0-23,0 см, кермектелігі – 3,2-1,8 мг/дм ³ .	
тұстама - Сарқырама а. (ауылдан оңтүстік-батысқа қарай, сағадан қаш. 52 км)	1 сынып	-
тұстама - Көлкент а. (ауылдан солтүстікке қарай 1,5-2 км, су бекетінен 10 м төмен)	1 сынып	-
Катта-бөген өзені	судың температурасы 17,0°C, сутегі көрсеткіші 7,53, суда еріген оттегінің концентрациясы – 3,6 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 1,7 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 25,0 см, кермектелігі – 3,0 мг/дм ³ .	
тұстама - Жарықбас а. (ауылдан 1,5 км жоғары)	1 сынып	-
Шардара су қоймасы	судың температурасы 23,6°C, сутегі көрсеткіші 6,61, суда еріген оттегінің концентрациясы – 6,08 мг/дм ³ , ОБТ ₅ – 1,1 мг/дм ³ , мөлдірлігі – 25,0 см, кермектелігі – 6,0 мг/дм ³ .	
Шардара қ. (Шардара қ. оңтүстік шығысқа қарай 1 км, N 17 навигациялық белгіден А 2190 бойынша, бөгеттен 2 км жоғары)	3 сынып	сульфаттар – 172,9 мг/дм ³ . Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды.
Шардара қ. (Шардара қ. оңтүстік шығысқа қарай 1 км, N 17 навигациялық белгіден А 2190 бойынша, бөгеттен 2 км жоғары)	3 сынып	сульфаттар – 220,9 мг/дм ³ . Сульфаттардың нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды.

Қосымша 4

Анықтамалық бөлім

Елді мекендердің ауасындағы ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясы (ШЖШ)

Қоспалардың атауы	ШЖШ мәні, мг/м ³		Қауіп сыныбы
	Максимальды бір реттік	Орташа тәуліктік	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азотоксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м ³	1
Қалқыма заттар (частицы)	0,5	0,15	3
Қалқыма бөлшектер РМ 10	0,3	0,06	
Қалқыма бөлшектер РМ 2,5	0,16	0,035	
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшән	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкірттісутек	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Цинк	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық жерлердегі атмосфералық ауаның гигиеналық стандарты» (СанПин №ҚР ДСМ-70 2тамыз 2022 жылдан бастап)

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градация	Ауаның ластануы	Көрсеткіштер	Ай сайынғы бағалау
I	Төменгі	СИ ЕЖҚ, %	0-1 0

II	Көтеріңкі	СИ ЕЖҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕЖҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖҚ, %	>10 >50

«Қазақстан Республикасы атмосфералық ауасының ластануы мониторингісін ұйымдастыру және жүзегізу» нұсқаулық-әдістемелік құжаты (15.07.2025ж №624-Ө бұйрығына 1-қосымша)

Радияциялық қауіпсіздік стандарты*

Стандартталған мәндер	Мөлшер шектері
Тиімді мәндер	Халық
	Кез-келген 5 жыл ішінде орта есеппен жылына 1мЗв, бірақ жылына 5мЗв аспайды.

*«Радияциялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар »

Қосымша 5

Су пайдалану санаттары (түрлері) бойынша су пайдалану сыныптарын саралау

Суды пайдалану класы	Тазалау мақсаты/түрі	Су пайдалану кластары					
		1 сынып	2 сынып	3 сынып	4 сынып	5 сынып	6 сынып
Су экожүйелерінің қызметі	-	+	+	-	-	-	-
Балық өсіру/ихтиофаунаны қорғау	Албырт балық	+	+	-	-	-	-
	Тұқы балық	+	+	+	-	-	-
Ауыз су-шаруашылық сумен жабдықтау және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын сумен жабдықтау	Қарапайым өңдеу	+	+	-	-	-	-
	Дағдылы өңдеу	+	+	+	-	-	-
	Қарқынды өңдеу	+	+	+	-	-	-
Мәдени-тұрмыстық су пайдалану	Туризм, спорт, демалыс, шомылу	+	+	+	-	-	-
Суару	Дайындықсыз	+	+	+	+	-	-

	Тұндыру карталарын пайдалану кезінде	+	+	+	+	+	-
Өнеркәсіптік су пайдалану	Технологиялық процестер, салқындату процестері	+	+	+	+	+	-
Гидроэнергетика	-	+	+	+	+	+	+
Су көлігі	-	+	+	+	+	+	+
Тау-кен өндірісі	-	+	+	+	+	+	+

Ескертпе:

"+" – судың сапасы мақсатын қамтамасыз етеді;

"-" – судың сапасы мақсатын қамтамасыз етпейді.

Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі (ҚР СРИМ 04.06. 2025 жылғы № 111-НҚ бұйрығы).

Қосымша 6

Топырақты ластаушы заттардың шекті жол берілген шоғырлары (ШЖШ)

Қоспалардың атауы	Топырақтағы ластаушы заттардың шекті жол шоғыры (ШЖШ) мг/кг
Қорғасын	32,0
Хром	6,0

* «Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне гигиеналық нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № ҚР ДСМ-32 Бұйрығы

ТАБИҒИ ОРТАНЫҢ ЛАСТАНУ МОНИТОРИНГІ ЗЕРТХАНАСЫ
"ҚАЗГИДРОМЕТ" РМК ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ЖЫЛҚЫШИЕВ КӨШЕСІ, 44

ТЕЛ. 8-(7252)-54-05-33

E MAIL: LMZPS_UKO@METEO.KZ